# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 тамыз №5165-23-00-2/1724 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «ССС» Пернебек Альзаир Ұланұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзу
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

«Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ССС» Пернебек Альзаир Ұланұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «ССС» Пернебек Альзаир Ұланұлының арасында жасалған 2023 жылғы 5 сәуірдегі №13 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «ССС» Пернебек Альзаир Ұланұлынан мемлекет пайдасына 7 175 (жеті мың бір жүз жетпіс бес) тұрақсыздық айыппұл, 215 (екі жүз он бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.09.2023, судья Байтенов С. К., 18.09.2023